QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №41 (2043) 9 ҚАРАША 2026 ЖЫЛ

Әл-Фараби тұжырымдары ешқашан өзектілігін жоғалтпайды

«Философия. Ізгілік. Болашақ» атты халықаралық симпозиумға қатысушыларға

Қадірлі қауым!

Сіздерді ұлы ойшыл, данышпан ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын зерделеуге арналған халықаралық симпозиумның ашылуымен құттықтаймын!

Әбу Насыр әл-Фараби – әлем өркениетінің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Әйгілі ғұлама Шығыс пен Батыс мәдениетін шеберлікпен үйлестіріп, аса құнды еңбектер жазды. Ғылым қоғам игілігіне қызмет етуге тиіс деген ұстанымды ілгерілетіп, математика, химия, астрономия және басқа да ілімдерді жан-жақты зерттеді. Адамзатқа ортақ мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеп, соңына теңдессіз мұра қалдырды. Әл-Фарабидің парасатты адам және қайырымды қоғам туралы тұжырымдары ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Мұның бәрі ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан», «Адал азамат» идеяларымен үндеседі.

Бүгінде біз бір ел болып Әділетті Қазақстанның тұғырын нығайту үшін түбегейлі реформаларды іске асырып, барлық салада ауқымды өзгерістер жасап жатырмыз. Ең бастысы, еліміздің келешектегі бейнесін айқындайтын, мемлекетіміздің бәсекеге қабілетін арттыратын қастерлі құжат – Конституциямызды қабылдадық. Конституцияда білім-ғылымды, инновацияны, адам капиталын дамытуға стратегиялық басымдық әрі міндет ретінде баса назар аударылды.

Мен Қазақстан халқына жолдауымда өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ қоғамда жаңа этика қалыптастыру ісіне айрықша мән бердім.

Бұл маңызды міндеттерді жүзеге асыру жолында әл-Фараби сынды ұлы тұлғаларымыздың өнегелі өсиеттері біз үшін мызғымас бағдар болатыны сөзсіз.

Елімізде ғұлама ғалым әл-Фарабидің еңбектерін терең зерделеу және ғылыми айналымға енгізу мәселесі әрқашан мемлекеттік саясатымыздан көрініс табуда. Бүгінгі басқосудың түпкі мақсаты да – осы. Биыл менің бастамаммен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне «Al-Farabi» ордені енгізілді. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен руханият саласында зор табысқа жеткен тұлғаларға беріледі. Мұндай бастамалар ұлы ойшылдың мол мұрасын кеңінен дәріптеуге ықпал ететіні анық.

Сондықтан тұңғыш рет «Al-Farabi» орденімен Иордан Хашимит Королі Ұлы мәртебелі II Абдалла бен әл-Хусейн марапатталды.

Алқалы жиын халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және фарабитану ілімін кең ауқымда дамытуға жол ашады деп сенемін.

Симпозиум жұмысы табысты болсын!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Халықаралық симпозиум ұлы философ мұрасын дәріптеуге арналды

Вице-президент Ерлан Қарин Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық және ғылыми мұрасына арналған «Философия. Этика. Болашақ» атты халықаралық симпозиумға қатысты.



Әл-Фарабидің мұрасын дәріптеуге арналған халықаралық симпозиумды тұрақты түрде өткізу туралы бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерді. Биыл ғылыми форум Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті.

Халықаралық симпозиумның ашылуында Ерлан Қарин Мемлекет басшысының құттықтау хатын оқып берді. Президент жиынға қатысушыларға жолдаған құттықтау хатында ұлы ойшылдардың озық идеяларын терең зерделеп, өскелең ұрпақ арасында кеңінен насихаттаудың, сондай-ақ оның бәрін заманауи ғылым тұрғысынан пайымдаудың маңызды екеніне тоқталды.

«Әл-Фараби адамзатқа ортақ мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеп, соңына теңдессіз мұра қалдырды. Оның парасатты адам және қайырымды қоғам туралы тұжырымдары ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Мұның бәрі ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан», «Адал азамат» идеяларымен үндеседі», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Симпозиум қатысушыларының алдында сөйлеген сөзінде вице-президент әл-Фарабидің идеялары қазіргі жаһандану және технологиялық прогресс дәуірінде ерекше өзекті екенін мәлімдеді. Ерлан Қариннің айтуынша, әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи және Абай сынды көрнекті ойшылдардың мұрасы ғылыми қауымдастық тарапынан қызығушылық тудырады және қоғамның рухани-адамгершілік негіздерін нығайту ісінде айрықша рөл атқарады.

Сондай-ақ вице-президент Әл-Фараби симпозимуы дәстүрлі ғылыми жиынға айналатынын жеткізді.


– Президент Түркістанда – Ясауи, Алматыда әл-Фараби мұрасына арналған халықаралық симпозиумдарды бұдан былай тұрақты түрде ұйымдастыруды тапсырды. Екі үлкен тұлғаға арналған мұндай жиындар кезекпен екі жылда бір рет өткізілетін болады. Бұл – рухани мұрамызды науқандық емес, институционалдық деңгейде жүйелі, кешенді зерттеуге көшкенімізді көрсетеді. Қазақстан өзінің тарихын, рухани мұрасын зерттеуді, насихаттауды жүйелі түрде қолға алуда. Бұл – ағартушылық бағыттағы үлкен бетбұрыстың белгісі, – деді Ерлан Қарин.

Форум барысында қатысушылар Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімінің жаһандық гуманитарлық диалогты орнықтырудағы, жалпыадамзаттық құндылықтарды ілгерілетудегі рөлін талқылады.

Халықаралық симпозиумға еліміздің және шетелдің 150-ден астам ғалымдары, зерттеушілері, сарапшылары, сондай-ақ жетекші халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Akorda.kz

2-бет
ҚазҰУ-ға ICESCO өкілдігі берілді



3-бет
IT – келешегі кемел сала



4-бет
Заңның күнделікті өмірде орындалуы маңызды



ҚазҰУ-ға ICESCO өкілдігі берілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Философия. Ізгілік. Болашақ» атты Халықаралық Фараби симпозиумы аясында маңызды үш ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.




Алғашқы келісім негізінде философия және саясаттану факультетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасына Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы (ICESCO) өкілдігінің мәртебесі берілді. Өкілдік жұмысы негізгі үш бағыт бойынша өрбиді. Ғылыми-зерттеу қызметі аясында дінтану, мәдениеттану саласындағы зерттеу жұмыстары тереңдетіліп, ислам әлемі мен Орталық Азияның ортақ тарихи-мәдени мұрасы зерделенеді. Білім беру және әлеуетті арттыру бағыты бойынша ICESCO-ға мүше мемлекеттердің студенттері мен зерттеушілері үшін арнайы курстар, кәсіптік даярлау бағдарламалары әзірленіп, жазғы мектептер мен академиялық ұтқырлық ұйымдастырылады. Ал диалог және ағартушылық шеңберінде халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізіліп, ғылыми жарияланымдар дайындалады. Ресми құжатқа ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен ICESCO бас директоры Сәлім әл-Мәлік қол қойды.

Екінші меморандум аясында ҚазҰУ базасындағы «Әл-Фараби» ғылыми-мәдени орталығының кезекті филиалы Қытай Халық Республикасының Чжэнчжоу университетінде ашылады. Мұнда бірлескен жарияланымдар мен аудармалар әзірленіп, ғылыми басылымдар дайындау қолға алынады. Сондай-ақ авторлық құқықтарды қатаң сақтай отырып, тақырыптық кітапхана мен электрондық ғылыми ресурстар базасын құру жоспарланған. Болашақта өзге де халықаралық ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеу қарастырылған.

Үшінші меморандум ҚазҰУ мен Малайзия халықаралық ислам университеті арасындағы білім беру саласындағы әріптестікті нығайтуға бағытталған. Келісім аясында оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің іссапарлары мен студенттер үшін қысқа мерзімді бағдарламаларды ұйымдастыру көзделген. Сондай-ақ қос университет ғалымдарының күші біріктіріліп, зерттеушілердің ғылыми жобаларына қаржы бөлінеді және беделді журналдарда бірлескен мақалалар жарияланады.

Шара барысында ресми құжаттарға ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен екі университеттің басшылығы қол қойды.









Тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ислам әлемі білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ICESCO) бас директоры Сәлім әл-Мәлік «ICESCO мен ҚазҰУ байланысы: әл-Фараби мұрасын зерттеу мен дәріптеудегі екі тараптың рөлі мен маңызы» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Іс-шара басында дәріскер Сәлім әл-Мәлікке ұйым мен университет арасындағы әріптестікті нығайтқаны үшін ҚазҰУ-дың «Құрметті профессоры» атағы салтанатты түрде берілді.

Құрметті қонақты қарсы ала отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университет пен ICESCO арасындағы әріптестіктің негізгі кезеңдеріне тоқталды. 2023 жылғы қазанда әл-Фараби мұрасына арналған халықаралық конференция өтті. 2025 жылдың маусым айында тараптар білім, ғылым, жасанды интеллект және жастарды қолдау бағытында бірлескен жобаларды талқылады. Осы жұмыстың жалғасы ретінде 2026 жылдың 21 қыркүйегінде «ICESCO – Әл-Фараби» ғылыми дипломатия орталығын құру туралы меморандумға қол қойылды.

«ICESCO-мен әріптестік университетімізге халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейтуге, ортақ зерттеулерді дамытуға, білім мен инновация саласында озық тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер ашады», – деді ректор.



Көшбасшылық дәріс ICESCO мен ҚазҰУ ынтымақтастығының әл-Фараби мұрасын зерттеу мен оны әлемдік деңгейде дәріптеудегі маңызына арналды. ICESCO бас директоры Сәлім әл-Мәлік әл-Фарабидің еңбектері мен ілімі тек өткеннің мұрасы емес, XXI ғасырдағы адамзатты толғандырған өзекті мәселелерге жауап беретін рухани құндылық деп атады. Дәріскер университет пен ұйым арасындағы серіктестіктің жалғасып, тереңдей түскенін алға тартты. Сондай-ақ өзіне берілген құрметті профессор атағын «әл-Фарабидің ілімін болашақ ұрпаққа жеткізу аманаты» ретінде қабылдайтынын жеткізді.

Баяндамашы білім берудің мақсаттарына ерекше назар аударды. «Интеллектуалдық жетістік қоғамның әл-ауқатына қосқан үлесі арқылы мәнге ие болады», – деді ұйым басшысы.

Іс-шара соңында тыңдаушылар ғалымға сұрақ қойып, мазмұнды әрі жан-жақты жауап алды.

Түркі мұрасының цифрлық базасын құруды ұсынды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанмен кездесті.

Тараптар түркітану саласын дамыту перспективаларын және лингвистикалық зерттеулерге заманауи технологияларды енгізу мәселелерін талқылады.

Жүздесу барысында түркі халықтарының тілдік, жазба және ғылыми мұрасын біріктіретін бірыңғай цифрлық база құру бастамасы негізгі тақырыптардың бірі болды. Жоба аясында қолданыстағы сөздіктерді, монографияларды, ғылыми еңбектер мен басқа да материалдарды зерделеп, жүйелеу және олардың негізінде ортақ электронды ресурс қалыптастыру көзделіп отыр.

Жансейіт Түймебаев бұл бастаманы жүзеге асыру үшін жинақталған ғылыми материалдарды кешенді түрде зерттеп, жүйелеу қажеттігін атап өтті.


«Құрылатын база күллі түркі әлеміне үлгі болатын ресурсқа айналуы тиіс. Ол жинақталған ғылыми білімді бір арнаға тоғыстырып, зерттеушілерге осы материалдарды еркін пайдалануға мүмкіндік беруі керек», – деді ректор.

Өз кезегінде Анар Фазылжан іргелі түркітану зерттеулерін жүйелі түрде дамытудың және дәстүрлі ғылыми әдістерді сақтаудың маңыздылығына тоқталды.



Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Vision: көргенін түсінетін камералар



«Qazaq universiteti» газетінің №39 санында жарияланған «AI Sana: студенттік идеядан – ЖИ стартапқа дейін» деген мақаламызда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Компьютерлік ғылымдар кафедрасында студенттер алға қойған нақты міндеттердің шешімін табатын жобалар жасап жатқанын жазғанбыз. Бүгін газет оқырмандарының назарына сол жобалардың бірі – көргенін түсінетін камералар туралы мақаланы ұсынып отырмыз.


Көптеген мекемелерде камералар тек суретті жазады, ал жазбаны аяқасты оқиғаларға, күрт жағдайларға тап болғанда ғана қайта қарайтыны жасырын емес. Vision бейнеаналитика платформасы басқаша жұмыс істейді: ол оператормен бірге бейнені нақты уақытта көреді және әлі араласуға болатын кезде маңызды жайтты хабарлайды. Мәселен, бір адам ондаған экранды сағаттап бақылай алмайды, ал әр сабақта студентті түгендеу оқытушының уақытын алады. Vision екі рутинаны да өз мойнына алып, шешім жасауды адамға қалдырады.

Жүйе төбелесті (16 кадрдағы қозғалысты қатарынан бағалау арқылы), өрт пен түтінді таниды, алдын ала жүктелген фотосуреттер бойынша адамдарды таниды. Оқу топтары бойынша қатысуды автоматты түрде есептейді, бөлмедегі адамдарды санайды және толу картасын (жылу картасын) салады. Адамның аты белгісіз болса, оператор оны белгілері бойынша, мысалы, жейдесі мен шалбардың түсі бойынша іздей алады. Дабыл оператордың экранына, Telegram-ға және телефонға қысқа бейнеклиппен бірге келеді.

Платформа орнатылған IP-камералармен жұмыс істейді, сондықтан жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ. Дабыл бір жайт қатарынан бірнеше кадрда көрінгенде ғана іске қосылады. Демек, жарқыл мен көлеңке жалған дабыл бермейді. Қазір Vision оқу орнында жұмыс істеп тұр: куратор сабақта кім отырғанын көреді, ал күзет қызметі камера нөмірі арқылы төбелес не түтін туралы сигнал ала алады. Дәл осы функциялар жиынтығы мектептер, колледждер, кеңселерге, қоймалар мен қоғамдық ғимараттарға да жарамды.

Бұл жобаны әзірлеушілер құпиялылықты әу бастан-ақ ойластырған. Платформа тұрақты жазба жүргізбейді, тек дабылдарға қатысты қысқа клиптерді сақтайды, ал барлық деректер мекеменің өз серверінде қалады. Тек алдын ала базаға енгізілген адамды тану мүмкіндігі бар, ал адамды жазбаларымен бірге жүйеден жоюға болады. Бет-бейнені тану үшін адамның келісімі қажет. Ал дәлдік ракурсқа, жарықтандыруға және камера сапасына байланысты, сондықтан түпкілікті шешім әрдайым адамның еншісінде қалады. Жоба командасы оператор интерфейсін, адамдарды белгілері бойынша іздеуді және мобильді қосымшаны жетілдіруді жалғастыруда.

Нұрислам ҚАСЫМБЕК,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, PhD



Бүгінгі әлемде ақпарат пен технология адамзат дамуының басты қозғаушы күшіне айналды. Бұрын ғылыми фантастика саналған жаңалықтар қазір күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Жасанды интеллект, роботтандыру, үлкен деректер, киберқауіпсіздік және цифрлық платформалар қоғамның даму бағытын айқындайтын маңызды факторларға айналды. Осындай өзгерістер кезеңінде IT саласы – уақыт талабы ғана емес, болашаққа бастайтын стратегиялық бағыт. IT, яғни ақпараттық технологиялар саласы экономиканың барлық секторына ықпал етіп келеді. Білім беру, медицина, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және мемлекеттік басқару жүйелері цифрлық шешімдер арқылы жаңа деңгейге көтерілуде. Бұл үдеріс еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, қызмет көрсету сапасын жақсартып, уақыт пен ресурсты үнемдеуге және жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

IT – келешегі кемел сала

Қазақстанның цифрлық болашағы өте зор. Қазақстан үшін IT саласын дамыту – ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды тетігі. Елімізде цифрландыру бағытында жүзеге асырылып жатқан бастамалар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және халықтың технологиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етуде. Электрондық үкімет қызметтері, цифрлық төлемдер, онлайн білім беру платформалары мен түрлі мобильді қосымшалар технологияның күнделікті өмірдегі маңызын айқын көрсетеді.

Сонымен қатар Қазақстанның IT нарығы үшін отандық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу, инновациялық жобаларды қолдау, технологиялық кәсіпкерлікті дамыту және экспортқа бағдарланған шешімдер ұсыну ерекше маңызды. Бұл бағыттар елдің цифрлық тәуелсіздігін нығайтып, халықаралық нарықтағы орнын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Цифрлық даму тек ірі қалалармен немесе технологиялық компаниялармен шектелмеуі тиіс. Ауылдық жерлерде интернет сапасын жақсарту, шалғай өңірлердегі жастарға IT білімін қолжетімді ету және цифрлық инфрақұрылымды дамыту – қоғамның барлық мүшесіне тең мүмкіндік берудің негізі. Өйткені технологияның шынайы құндылығы оның қолжетімділігімен және адам өмірін жақсартуға қосатын үлесімен өлшенеді.

Қазіргі жастар үшін IT саласы – білімін шыңдап, шығармашылық әлеуетін жүзеге асырып, әлемдік еңбек нарығына шығуға мүмкіндік беретін кең кеңістік. Бағдарламалау, веб-әзірлеу, деректерді талдау, жасанды интеллект, ақпараттық қауіпсіздік және UX/UI дизайны сияқты бағыттар жаңа мамандықтар мен кәсіби өсу жолдарын қалыптастыруда.

IT саласының болашағын жасанды интеллектісіз елестету қиын. Бүгінде интеллектуалды жүйелер үлкен көлемдегі ақпаратты талдауға, өндірістік үдерістерді оңтайландыруға, ауруларды ерте анықтауға және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту тәсілдерін дамытуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл технологиялардың қолданылу аясы одан әрі кеңейе түспек. Дегенмен технологиялық прогресс жауапкершілікті де талап етеді. Жеке деректерді қорғау, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, жалған ақпараттың таралуына қарсы тұру және жасанды интеллектіні этикалық тұрғыдан пайдалану – цифрлық қоғамның өзекті міндеттері. Сондықтан IT маманының кәсіби біліктілігімен қатар, оның құқықтық сауаттылығы мен адам алдындағы жауапкершілігі де маңызды.



IT саласының басты ерекшелігі – оның үздіксіз өзгеріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуында. Бүгінгі технология ертең жаңаруы мүмкін, алайда білімге, ізденіске және жаңашылдыққа деген қажеттілік ешқашан жойылмайды. Сондықтан цифрлық дәуірде алға шығудың басты шарты – өзгерістерге бейімделу, үздіксіз оқу және жаңа идеяларды нақты нәтижеге айналдыра білу. Қазақстанның технологиялық болашағы заманауи инфрақұрылыммен ғана емес, ең алдымен, білімді әрі бастамашыл азаматтарымен айқындалады. Бұл салада табысқа жету үшін тек техникалық білім жеткіліксіз. Логикалық ойлау, шығармашылық қабілет, мәселені шешу дағдысы, командамен жұмыс істеу және ағылшын тілін меңгеру де маңызды. Технологиялар күн сайын жаңарып отырғандықтан, IT маманы үнемі ізденіп, жаңа білім игеріп, кәсіби дағдыларын жетілдіріп отыруы қажет. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының міндеті – еңбек нарығының сұранысына жауап беретін, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра алатын білікті мамандар даярлау. Осы орайда, IT саласын дамытуда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үлесі зор. Университет заманауи цифрлық технологияларды меңгерген, жасанды интеллект, бағдарламалау және ақпараттық жүйелер бағыттарында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға ерекше көңіл бөледі. ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуеті мен инновациялық бастамалары Қазақстанның цифрлық экономикасын дамытуға және елдің халықаралық технологиялық кеңістіктегі орнын нығайтуға ықпал етеді. Студенттерді нақты жобаларға тарту, стартап мәдениетін қалыптастыру, өндіріс орындарымен байланыс орнату және ғылыми зерттеулерге цифрлық технологияларды енгізу білім сапасын арттыруға зор үлес қосуда. Жастардың әлеуетін қолдау, ғылым мен өндірістің байланысын нығайту, отандық IT шешімдерді дамыту және инновацияға қолайлы орта қалыптастыру – осы жолдағы маңызды қадамдар.

IT – жай ғана мамандық немесе технологиялар жиынтығы емес. Бұл – жаңа экономиканың негізі, шығармашылық пен білімді тоғыстыратын кеңістік және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын стратегиялық ресурс. Бүгін цифрлық сауаттылық пен технологиялық ойлауға инвестиция салған мемлекет ертеңгі мүмкіндіктерге жол ашады. Демек, IT – келешегі кемел сала ғана емес, Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыратын маңызды күш. Сондықтан цифрлық дәуірдің мүмкіндігі зор және болашағы айқын, яғни IT – жастарға ашылған жаңа мүмкіндіктер әлемі.

Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Атом энергетикасын дамыту тек АЭС салумен шектелмейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына жолдауы еліміздің ұзақ мерзімді дамуына бағытталған маңызды бастамаларды қамтиды. Онда энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, атом энергетикасын өркендету және осы салаға қажетті отандық мамандар даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.



Президент Балқаш атом электр станциясының құрылысын келесі жылы бастау мүмкіндігін атап өтіп, «Мойынқұм» АЭС жобасы бойынша кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюдың маңызын айтты. Бұл бастамалар елдің энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, өнеркәсіпті дамытуға және экономиканың технологиялық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Атом энергетикасын дамыту тек электр станцияларын салумен шектелмейді. Ол ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық ізденісті, заманауи технологияларды игеруді және білікті кадрлар даярлауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялық өндірістер ашуға, ядролық энергетика саласындағы тәжірибесімен бөлісуге және отандық мамандарды оқытуға тарту маңызды. Мұндай ынтымақтастық ұлттық мүдделерді қорғап, еліміздің ғылыми-технологиялық дербестігін нығайтуға ықпал етуі тиіс.

Қазақстанға ядролық физиктермен қатар, реакторлық технологиялар, радиациялық қауіпсіздік, материалтану, автоматтандыру, есептеу модельдеуі, экологиялық мониторинг және радиоактивті қалдықтарды басқару бағыттарында жұмыс істейтін мамандар қажет. Сондықтан жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын саланың сұранысына сәйкестендіріп, студенттердің ғылыми-зерттеу институттарында, зертханаларда және өндірістік кәсіпорындарда тәжірибе жинақтауына мүмкіндік жасау қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Теориялық және ядролық физика кафедрасы үшін бұл міндеттердің маңызы ерекше. Біздің мақсатымыз – терең іргелі білімді меңгерген, заманауи технологияларды игерген және кәсіби жауапкершілігі жоғары мамандар даярлауға үлес қосу. Ол үшін университеттер, ғылыми орталықтар, мемлекеттік органдар мен атом саласының кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды дамыту маңызды. Атом энергетикасының тұрақты дамуы қауіпсіздік мәдениетімен тығыз байланысты. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарына ықтимал әсерді бағалау және радиоактивті қалдықтарды дұрыс басқару мәселелері үнемі назарда болуы керек. Бұл ретте тәуелсіз ғылыми сараптама, халықаралық стандарттарды сақтау және қоғаммен ашық диалог орнату айрықша рөл атқарады.

Жоғары білім мен ғылым – Қазақстанның технологиялық егемендігінің негізгі тірегі. Университеттер маман даярлаумен қатар, жаңа ғылыми білім қалыптастырып, зерттеу нәтижелерін практикалық шешімдерге айналдыратын орталық болуы қажет. Ол үшін зертханалық базаны жаңарту, жас ғалымдарды қолдау, іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұштастыру, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту маңызды. Іргелі ғылымға салынған инвестиция болашақ технологиялардың, білікті кадрлардың және елдің зияткерлік әлеуетінің дамуына жол ашады. Ядролық физика, жаңа материалдар, математикалық модельдеу мен цифрлық технологиялар саласындағы зерттеулер энергетикамен қатар, медицина, өнеркәсіп және экологияның дамуына да серпін бере алады.

Президент жолдауында белгіленген міндеттерді орындау ғылыми қауымдастықтың, жоғары оқу орындарының және өндіріс саласының үйлесімді жұмысын талап етеді. Отандық мамандардың білімі мен ғылыми әлеуетіне негізделген қауіпсіз атом энергетикасы Қазақстанның тұрақты дамуына және келешек ұрпақтың игілігіне қызмет етеді деген сенім бар.

Сәкен ТОҚТАРБАЙ,
PhD, профессор

Бақдәулет КАРСИМАНОВ,
PhD, докторант

Заңның күнделікті өмірде орындалуы маңызды

Еліміздің өткен жолы мен бүгінгі дамуы әрқайсымызға ортақ құндылықтарды еске салады. Соның ішінде заңға құрмет, адал еңбек және адам құқығын қорғау айрықша орын алады.



1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздікке бастар жолдағы маңызды қадам болды. Содан бері еліміз талай өзгерісті бастан өткеріп, саяси, экономикалық және құқықтық тұрғыдан дамыды. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға да көбірек көңіл бөліне бастады. Дегенмен елдің дамуы тек жетістіктермен өлшенбейді. Заңның сақталуы, әділдіктің орнауы және әр адамның қадір-қасиетінің құрметтелуі де маңызды.

Мемлекеттің мықтылығы тек экономикасымен немесе жеткен жетістігімен бағаланбайды. Ең бастысы, азаматтардың өз құқығының қорғалатынына сенуі, заң алдында бәрінің тең болуы және адал еңбектің бағалануы. Адам өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, еңбегінің ескерілетініне сенсе, елдің дамуына да белсенді араласады. Сондықтан қоғамдағы өзара сенім мен адамға деген құрметтің маңызы зор.

Заң үстемдігі дегеніміз – бұл заңның баршаға бірдей қолданылуы және әр адамның құқығының қорғалуы. Мысалы, азамат өз құқығын қорғай алса, кәсіпкер жұмысын заңға сай жүргізсе, ал жұмысшы еңбегіне қарай ақы алса, адамдардың заңға деген сенімі артады. Заңның бар болуы жеткіліксіз, ең маңыздысы – оның күнделікті өмірде орындалуы. Азаматтың өтініші уақытында қаралып, жұмысшының еңбекақысы кешіктірілмей төленіп, тұтынушының құқығы қорғалса, заңның қоғам өміріндегі маңызы айқын көрінеді.

Әділетті қоғам адамға құрметпен қараудан басталады. Адал еңбек әр адамға өз қабілетін көрсетуге, отбасын асырауға және елдің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Мұғалім шәкірт тәрбиелейді, дәрігер адам өмірін сақтауға күш салады, инженер жаңа шешімдер іздейді, жұмысшы өз тәжірибесімен ортақ іске үлес қосады. Ауыл еңбеккерлерінің де еңбегі елдің өркендеуінде маңызды орын алады. Әр мамандықтың өз орны бар, сондықтан адал еңбек еткен адамның еңбегі бағалануға тиіс.

Еңбек адамына құрмет сөзбен ғана көрсетілмейді. Ол еңбекақының уақытында төленуінен, жұмыс орнындағы қауіпсіздіктен және жұмыскердің құқықтарының сақталуынан көрінеді. Адам өз жұмысын адал атқарса, жұмыс беруші де оған лайықты жағдай жасауға міндетті. Жұмысшы мен жұмыс беруші өз құқығы мен міндеттерін түсініп, бір-біріне құрметпен қараса, еңбек қатынастары да тұрақты болады. Мәселен, құрылыс алаңында жұмыс істейтін адамның қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуі, зауыт жұмысшысына еңбекақысының уақытында төленуі немесе ауыл еңбеккерінің маусымдық еңбегіне лайықты ақы алуы – еңбек адамына құрметтің нақты көрінісі.

Еңбек қатынастарында әлеуметтік әріптестіктің де маңызы зор. Жұмыс беруші мен жұмыскерлер еңбек жағдайы, жұмыс кестесі немесе еңбекақы мәселелерін өзара талқылап, ортақ шешімге келе білсе, көптеген еңбек дауының алдын алуға болады. Мұндай ашық диалог екі тараптың мүддесін ескеруге, жұмыс жағдайын жақсартуға және ұжымдағы өзара құрметті сақтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде технология күнделікті өмірімізге терең еніп келеді. Электрондық қызметтер уақытты үнемдеп, қажетті ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект те түрлі саладағы жұмысты жеңілдетіп отыр. Алайда жаңа мүмкіндіктермен бірге жаңа мәселелер де пайда болады. Жеке деректерді қорғау, электрондық мәмілелердің қауіпсіздігі және зияткерлік меншік құқықтарын сақтау – соның бірнеше саласы ғана.

Технология дамыған сайын адам құқығы мен қауіпсіздігіне деген назар да күшеюі керек. Жасанды интеллектіні қолданғанда ақпараттың дұрыстығын тексеру, жеке өмірді құрметтеу және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті ұмытпау маңызды. Мәселе – технологияны шектеуде емес, оны адамға пайда әкелетіндей дұрыс пайдалануда. Ал азаматтардың цифрлық ортадағы өз құқығы мен міндеттерін білуі қауіпсіз әрекет етуіне көмектеседі.

Әділетті қоғамда әр адам өз құқығы бұзылған жағдайда оны заңды жолмен қорғай алуы керек. Бұл үшін әділ сот төрелігінің маңызы зор. Істің жан-жақты қаралуы, екі тараптың да пікірін тыңдау, дәлелдерді әділ бағалау және сотқа жүгіну мүмкіндігінің болуы азаматтардың құқықтарын қорғауға жол ашады. Адам әділ шешімге қол жеткізе алатынына сенгенде, заңға деген құрметі де артады.

Цифрлық технологиялар сот қызметтерін пайдалануды жеңілдетіп, құжаттарды электрондық түрде жіберуге және қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Бірақ технологияның дамуы адамның процестік құқығы мен тараптардың теңдігін сақтауға кедергі келтірмеуі керек. Технология әділдіктің орнын баса алмайды. Ол азаматтардың құқығын қорғауды жеңілдететін құрал болуы тиіс.

Құқықтық мемлекет құру үлкен өзгерістерден ғана тұрмайды. Ол күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттерден басталады: өз жұмысын адал атқару, заңды сақтау, өзгенің құқығын құрметтеу және айналасындағы адамдарға жауапкершілікпен қарау. Мұндай ұстаным әр азаматтың ісінен көрінгенде ғана қоғам да алға басады

Заң үстемдігі, адам құқығын қорғау және адал еңбек бір-бірімен тығыз байланысты. Заң сақталып, адамның еңбегі бағаланып, әркім өз құқығы мен міндетін түсінгенде, қоғамда өзара сенім мен құрмет нығаяды.

Нейля ХИБИНА,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

Жанар ҚАРАШЕВА,
PhD, аға оқытушы

Елдік пен еркіндіктің ақ таңы





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі мен «Өркениет әлемі» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласы Алмалы ауданындағы «Комьюнити» орталығында Республика күніне орай, «25 қазан – Елдік пен еркіндіктің ақ таңы. Д.А.Қонаев – тау тұлға» атты тарихи-танымдық әдеби-сазды кеш өтті.



Елдік пен еркіндікті ұлықтаған тағылымды шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіру, ұлттық тарихқа деген құрметін арттыру, мемлекетіміздің қалыптасуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлғалардың өнегесін кейінгі буынға жеткізу.

Алғашқы құттықтау сөз ҚазҰУ колледжінің директоры Мәдина Аппақоваға берілді. Білім ордасының басшысы ел болашағы саналатын жастардың сапалы білім алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсуінің маңызын атап өтті. Тарихи-танымдық кештің қадірлі қонақтары қатарында Халықаралық Қонаев қорының вице-президенті, «Даңқ» орденінің иегері, полковник, қоғам қайраткері, әнші-сазгер Дәулетбек Жанботаев, «Ер-Намыс» қорының президенті, спорт ардагері, қоғам қайраткері Ерболат Алядинов, белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, «Парасат» және «Достық» ордендерінің иегері Асылы Осман, Қостанай облысы Рудный қаласындағы Ардагерлер қоғамының төрайымы, ұлағатты ұстаз, «Ұлы дала қайраткері» орденінің иегері Нинагүл Пушаева, Алматы қаласындағы №223 орта мектептің директоры Жеңіскүл Иманғалиқызы болды.

Шара барысында мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмір жолы мен ел игілігіне арналған қызметін танытатын бейнематериал көрсетілді.

Д.А.Қонаев – тұтас бір дәуірдің шежіресін бойына жинаған, ел басқарудағы парасаты, қарапайым болмысы, адамгершілік қасиеттерімен халық жадында сақталған тарихи тұлға. Оның ғұмыр жолы – елге қызмет етудің, жауапкершілік пен адалдықтың, биік азаматтық ұстанымның үлгісі. Осы тұста кештің қадірлі қонағы, белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Асылы Әлиқызының Дінмұхамед Ахметұлы туралы жүрекжарды естелігі жиынның мазмұнын тереңдете түсті. Ғалым Қонаевпен тікелей кездесіп, оның үйінде қонақ болған кездерін еске алып, ұлы тұлғаның адамдық болмысы мен кісілік келбеті туралы әсерлі әңгімеледі. Асылы Әлиқызының айтуынша, Дінмұхамед Ахметұлы Түркияға сапары кезінде түрік бауырлардың ерекше құрметіне бөленген. Елге оралған соң да сол азаматтармен арадағы сыйластықты жалғастырып, оларды өз шаңырағына қонаққа шақырған. Түрік қонақтармен тілдесу үшін Асылы Әлиқызы аудармашы ретінде арнайы шақырылыпты. Сол кешке көрнекті ақын Олжас Сүлейменов те қонақ болып, Асылы Әлиқызымен бірге түрік бауырларға аудармашылық қызмет көрсеткен.

